



Milli Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD) / Cilt 4 - Sayı 2

Sorumlu Yazar: Gauhar BAİTAŞEVA / Kazak Kızlar Milli Pedagoji Üniversitesi, Doç. Dr.
gauhar75@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-7320-101X

Yazar: A. MUSADİLDAEVA / Kazak Kızlar Milli Pedagoji Üniversitesi, Doktora.

mussadildaeva@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-4453-304X

Atıf: BAİTAŞEVA, G. ve MUSADİLDAEVA, A.(2020). ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ, Milli Kültür Araştırmaları Dergisi, Cilt4, Sayı2, 115-120.

Gönderim Tarihi: 17 Aralık 2020 / Kabul Tarihi: 20 Aralık 2020

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының қазіргі пандемия жағдайына байланысты қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкендіктен дәстүрлі оқыту жүйесімен қашықтықтан оқыту жүйесінің салыстырмалы түрдегі сипаттамасы беріліп, қашықтықтан оқыту жүйесінің қаншалықты сапалы екендігін, электронды оқыту жүйесінің жасөспірім ағзаларға қаншалықты зиянды әсер беретіндігі баяндалады. Тек қашықтықтан оқыту жүйесі ғана емес, Республикамыздың аумағындағы мектептердегі дәстүрлі оқыту жүйесінде зерттеу нәтижесінде анықталған кемшілік тұстары мен қатаң талаптардың мектеп жүйесіне енгізілмегендігі сонымен қатар, осы талаптардың сақталынбауы есебінен дамып, қалыптасып келе жатқан жас ағза ретіндегі өскелең ұрпақ оқушыларымыздың организмдердегі пайда болатын кері өзгерістер мен ауытқушылықтар нәтижелері айтылып, баяндалады.

Тірек сөздер: қашықтықтан оқыту, дәстүрлі оқу жүйесі, нейровегетативті дисфункция, психоэмоционалдық ауытқушылықтар.

PSYCHO – EMOTIONAL CHANGES OF STUDENTS DURING DISTANCE LEARNING

Abstract

This article provides a comparative description of the distance learning system with the traditional distance learning system due to the transition of the Republic of Kazakhstan to distance learning due to the current pandemic situation, the quality of distance learning and the harmful effects of e-learning on adolescents. Not only the system of distance learning, but also the shortcomings of the traditional system on education in the country and the lack of strict requirements in the school system, as well as the consequences of adverse changes and abnormalities in the growing generation of students as a developing organism due to non-compliance with these requirements, spoken and described.

Keywords: Distance Learning, Traditional Learning System, Neurovegetative Dysfunction, Psycho Emotional Disorders.

Кіріспе

Өскелең ұрпақтың қазіргі таңдағы білім алу сапасы ҚР түрлі аумағындағы өмір сүру деңгейіне байланысты білім алу дәрежесі де түрлі сипатта болуымен ерекшеленеді. Мектеп оқушыларының оқу сапасына әр аймақтың өзіндік факторлардың түрлі әсері бар. Зерттеу барысында анықталатын осы факторларды анықтай отырып, біз қоғамның болашағы болып табылатын оқушылардың білім сапасына әсер етуші қолайлы және қолайсыз факторлар тізімін келтіре отырып, зерттеуге алынған ҚР түрлі аймақтарындағы оқушылардың білім алу деңгейі мен сапасына қаншалықты әсер ететіндігін бақылап, баға береміз.

Жасөспірімдік шақ - ағзаның дамып жетілуі мен әлеуметтік және психологиялық тұрғыда толық қалыптасуымен сипатталатын адам өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Осы кезеңнің анатомиялық – физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес мектеп жасындағы оқушылардың қоршаған ортаның әсер етуші түрлі факторларына сезімтал және қорғансыз келетіндігі белгілі. (Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова Т.Д., 2000:274)

ДДСҰ көрсеткендей өмір сүру сапасының нашарлауы, экономикалық тұрақтылықтың төмендеуі, карантин кезеңіне байланысты білім алудың онлайн форматқа ауысуына да сәйкес оқушылардың, әсіресе қалыптасып келе жатқан жасөспірім шақ кезеңінде бойында өзіне деген сенімсіздік, электронды жүйеде білім алу нәтижесінде денсаулықтарында біршама ауытқулар туындата отырып, психоэмоционалдық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Зерттеуге алынған аймақтардағы мектеп оқушыларының білім сапасына салыстырмалы түрде баға беру;

Оқу сапасына әсер етуші қолайлы және қолайсыз факторлар тізімін келтіру;

Қоршаған ортаның түрлі факторларының ықпалымен мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайының қалыптасуының физиологиялық негіздерін көрсету;

Қазіргі таңдағы карантин жағдайын қатысты еліміздің онлайн режимдегі оқыту жүйесінің білім алушы оқушыларымыздың психоэмоционалдық жай-күйі мен көру, есте сақтау қабілетіне келтіретін зиянын анықтау;

Белгіленген аймақтардағы мектеп оқушыларының білім сапасына өмір сүру ортасының, әлеуметтік факторлар мен қоршаған ортаның экологиялық факторларының әсерін анықтау; Міне осылардың барлығы мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайын әрдайым бақылап, баға беріп отырудың негізгі жүйелері болып саналады.

Осы келтірілген барша факторлардың зерттеуге алынып отырған аймақтардағы мектеп оқушыларының білім алу сапасы мен денсаулық жағдайына әсерін анықтай отырып, психоэмоционалдық жай-күйіне салыстырмалы түрде баға беріледі.

Мектеп оқушыларының білім сапасы мен денсаулық жағдайына әсер етуші біршама факторлардың тізімі келтіріледі, сонымен қатар, осы факторлардың ҚР зерттеуге алынған үш аймақта қаншалықты дәрежеде болатындығы салыстырмалы түрде сипатталады. Қазіргі таңдағы онлайн оқу жүйесінің көру мен есте сақтау қабілеті жұмысына, жалпы денсаулық жағдайы мен оқу үлгеріміне келтіретін әсері анықталмақ. Мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайына әсер етуші факторлар анықталды. ҚР түрлі аймақтарындағы мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайына салыстырмалы түрде баға берілді.

Дәстүрлі оқыту мен онлайн форматта оқыту үрдістерінің оқушылардың ойлау жүйесі мен физикалық жұмыс жасау қабілетінің морфофункционалдық және психоэмоционалдық көрсеткіштеріне қалай әсер ететіндігін анықтау маңызды процестердің бірі болып табылады. Оқушының ойлау қабілетін қамтамасыз етуші өмір

сүруге қолайлы факторлардың нақты көрсеткіштерін зерттеу, қай аймақ өңірінде болмасын қазіргі таңдағы оқушының интеллектуалдық қабілетінің және мектептегі денсаулық жағдайын сипаттаушы мониторингтің негізгі көрсеткіші болуы тиіс. (Батуев А.С., Соколова Л.В., 1994:81-84)

Көрсетілген зерттеулерден қоршаған орта және әлеуметтік факторлардың мектеп оқушыларының білім алып, қалыптасуына қаншалықты әсер ететіндігі көрсетіліп, білім алушының жеткілікті дәрежеде білім алып, психологиялық және физиологиялық тұрғыда дұрыс қалыптасуына септігін тигізетін жағдайларды көрсету қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. ҚР әр түрлі аймақтарындағы мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайларына салыстырмалы түрде баға бере отырып, аз қамтылған аумақтардағы білім беру дәрежесін көтеруге қатысты нұсқаулықтар келтіру, сонымен қоса онлайн оқытуға байланысты еліміздің түрлі аумақтағы білім алу деңгейінің түрлі сипатта болуына сәйкес оқушыларда қалыптасқан психоэмоционалдық жағдайына салыстыра отырып баға беру. Осы аталғандардың барлығы, осы зерттелінгелі отырған тақырыптың қаншалықты өзекті екендігін көрсетеді.

Заманауи білім беру саласындағы, әсіресе мектеп оқушыларының толыққанды ақпараттарды игеруіне қолайлы жағдайлардың қамтамасыз етілуі ҚР әр аймақтарында түрлі деңгейде. Мектептерде көп жағдайда гигиеналық, физиолого-гигиеналық көрсеткіштерге сәйкес апробациядан өтпеген, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілмеген бағдарламалар қолданылады. Әлеуметтік жағдайдың нашар дәрежеде, өмір сүруге қолайлы факторлар аздығымен қатар, күнделікті, апталық, жылдық берілетін тапсырмалар көлемінің ауқымды болуы ойлау қабілетінің тез шаршағыштығы мен жұмыс істеу қабілетінің нашарлауымен, белсенділігінің төмендетіп, сабаққа деген зейіні әлсіреп, жалпы дерлік денсаулық жағдайының нашарлауына алып келіп қана қоймай, депрессияға деген бейімділік қаупін туындатады. Онлайн оқу жүйесіне баға беруде барлық аумақта дерлік, дәстүрлі оқыту жүйесіне қарағанда көру қабілетінің нашарлауымен, қаншалықты дәрежеде сабаққа деген зейінінің төмендеп кеткендігі анықталмақ.

Мектеп оқушыларының психоэмоционалдық тұрғыдан нашарлауы қазіргі онлайн форматтағы оқу жүйесіне көшірілгендіктен, білім деңгейінің барша аумақта жаппай төмендеуіне себеп болып отыр.

Мектеп оқушыларында мұндай ауытқулардың туындауына бірден –бір себеп, біздің ойымызша, оқу қабілетінің сапасын қастамасыз етуші психологиялық және физиологиялық жүйелер жұмысын реттеуші нейровегетативтік тұрақтандырудың жеткіліксіздігі. Бұл өз кезегінде мектеп оқушыларының оқу барысындағы жалпыфизиологиялық және ойлау қабілетінің артта қалуына себеп болып келеді.

Бұл жағдайда дәстүрлі оқу жүйесін қарастыратын болсақ, қимыл қозғалыстың аздығы, ауылды аймақтардағы сыныптардың қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілмеуі есебінен, балалардың тек теориялық білім алумен ғана шектеліп, практикалық бағдардың аз қамтылуы есебінен, психоэмоционалдық жағдайына сәйкес, баланың тез шаршағыштына алып келеді. Жетіліп келе жатқан оқушының психоэмоционалдық жағдайы тек қоршаған орта факторларымен ғана байланысты емес, тікелей әлеуметтік факторларға қатысты екендігін байқасақ болады. Осыған сәйкес неғұрлым сабақ барысы қызықты болып, теориямен қоса практика қатар жүретін болса, оқу барысына ұйымдастырлығын қозғалыс белсенділігін енгізу қажет. Ал қозғалыс белсенділігін

қамтамасыз етуші бұл, әрине мектеп сыныптарының қажеттіліктерімен толық жабдықталуы. Сабаққа тек оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, материалдың толық игеріліп, сабақ мазмұнының ашылып, оқушылардағы физиологиялық және психологиялық тұрғыда белсенді болуын қамтамасыз етеді. Бұл әдетте мектеп оқушыларының психоэмоционалдық жағдайының қалыпты болуының негізі.

Келтірілген дене белсенділігін қамтамасыз етуші процестерден басқа, көру қабілетінде реттеуші белсенділіктерді сабақ барысына енгізген жөн. Себебі, мектеп оқушылары көп жағдайда тек кітап оқып, дәптер толтырумен ғана шектеледі. Акомодациялық аппаратқа шектен тыс ауыртпалықтың түсуі, жақыннан көргіштікке алып келеді. Бұлшықеттері толыққанды дамып жетілмегендіктен ауытқушылықтарға бейім ағзаны, заттардың кеңістіктегі нақты мөлшері мен пішініне толық баға беруге жауап беруші сенсорлық–перцептивтік мүмкіншіліктерінің нашарлауына алып келеді. (Безруких М.М., Фарбер Д.А., 2000: 9-12)

Сабақ барысындағы көру белсенділігін арттырушы ұйымдасқан түрдегі апробациядан өткен, мектептегі қолданылуы керек: мектеп кеңістігіндегі дидактикалық мақсаттағы ұйымдастырылған бөлме, «көру траекторияларының» көмегімен көз қозғалысы белсенділігін мобильдендіру.

Көрсетілген әдістердің қолданылуы тек көз бұлшықеттерін қозғалысқа келтіріп қана қоймай, сабақ барысындағы, логопедия, математика, сөйлеу жүйесін дамыту сабақтарында дидактикалық функциялар қызметін атқарады.

Осы көрсетілген тәсілдерді қолдану барысында оқушыларда көздің қосалқы көру функцияларының жақсартуымызға болады: көру қырағылы, көздің көру ауқымы, көру көрсеткішіне деген реакцияның жылдамдығын, көру анализаторының өткізгіштік қабілетін.

Оқушылардың ағзасындағы ауытқуды туғызатын психофизиологиялық ерекшеліктері, ол сенсомоторлық байланыстардың толық жетілмеуі. Оқушылардың мектеп парталарында бүкірейіп отыруы, басының шамадан тыс төмен бағытта болуы, патогенетикалық механизм ретінде баланың ағзасының дамуына кері әсерін тигізетіндігін, В.Ф. Базарныйдың Э. Я. Оладомен бірігіп жасаған жұмыстарында бейнеленген болатын. Ең басты тигізетін әсерлерінің бірі, көз бен қол бағыттарының өте жақын орналасуы мен жеткіліксіз түрде қалыптасуы, яғни жақсы үйлестірілген қол қимылдарын көз басшылығымен жүзеге асыру. Сыртқы мүшелер жүйесіне келтіретін кері әсерлерін де байқауымызға болады, ол көз бен арқаны тік ұстау функцияларының бұзылысы, басқа да соматикалық аурулардың нейровегетативті дисфункциясы.

Осыған сәйкес, дәстүрлі оқыту жүйесіндегі көз бен қолдың қатынасының бұрыс байланысынан, барлық дерлік оқушылардың арасында жиі байқалатын ауытқушылықтарға алып келеді. Бұлардың барлығын мектеп оқушыларының физиологиялық дамып жетілуіне кері әсерін тигізуші сыртқы әсер етуші фактор ретінде қарастырамыз.

Адам ағзасының көрсеткіштері ретінде физикалық тұрғыда дұрыс қалыптасудың негізгі себебі болып табылатын адаптациялық бейімделгіштікті атап айтсақ болады.

Психикалық денсаулық пен бейімделгіштіктің дәрежесінің негізгі көрсеткіші орталық жүйке жүйесі. (Беляев А.В., 1887: 16)

Қазіргі таңда, заманауи жалпы білім беретін немесе инновациялық білім беретін мекемелерде, оптималды қозғалыс белсенділігін, апта немесе бір күндік уақыт аралығындағы психоэмоционалдық дәрежесін сақтап тұруға бағытталған психофизиологиялық әдістер мен жаттығулар кешенін қамтитын денсаулықты сақтаушы технологияларды енгізуді талап етеді. Олардың қатарын төмендегі келтірілген тізіммен толықтыруымызға болады.

Орта білім беру мекемелеріндегі оқушылардың психоэмоционалдық дәрежесін сақтап тұруға бағытталған психофизиологиялық әдістер мен жаттығулар кешенін қамтитын технологиялар қатары

- тыныс алу жаттығулары
- офтальмотренажермен жасалған көзге арналған жаттығулар кешені
- дене бітімін түзетуге арналған жаттығулар кешені
- аутогенді жаттығулар
- сонымен қоса: психологиялық тынығу бөлмелеріндегі психогимнастика
- музыкотерапия
- релаксациялық сабақтар
- ароматерапия
- фитокоррекция

Қорытынды

Жұмыстың қорытындысына тоқталып өтер болсақ, жұмыс негізінде жасалған зерттеулер мен ұйғарымдар негізінде шыққан қорытындыларды педагогтар, медицина қызметкерлері мен оқушылар ата- аналарға түсінікті түрде, оңтайлы көрсеткіштер негізінде, сабақ ауыртпалықтарының – ағзаның жалпы жағдайы мен жүрек жиырылуының жиілігі, артериалдық қан қысымының мөлшері, адаптациялық потенциалдың мөлшеріне және оның ұзақтығына деген әсерін бақылай отырып, өзін өзі бағалаудың адекваттылығына, мазасыздықтың дәрежесіне, мектептегі мотивацияның жеткілікті екендігіне көз жеткізе алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Антропова М.В., Манке Г.Г., Кузнецова и др. (2000), «Возрастная динамика работоспособности // Физиология развития ребенка». М.: УРАО. - С. 274.

Батуев А.С., Соколова Л .В. (1994), «О соотношении биологического и социального в природе человека // Вопросы психологии». № 1.-С. 81-84.

Безруких М.М., Фарбер Д.А. (2000), «Теоретические аспекты изучения физического развития ребенка // Физиология развития ребенка: теоретические и прикладные аспекты/ Под ред. М.М.Безруких, Д.А.Фарбер».- М.-С 9-12.

Беляев А.В.(1887), « Материалы для исследования влияния учебных занятий на физическое развитие учащихся». СПб. 7.- С 16-18

Чубирко М.И., Пичужкина Н.М., Фуфаева О.А. (1997), «Состояние здоровья детей в учебных заведениях нового типа // Гигиена и санитария» . - № 2. - С. 24.